

Қазақстан Республикасының Денсаулық Сақтау Министрлігі

Семей Медицина Университеті

Балалар аурулары кафедрасы

# СӨЖ

**Тақырыбы:** Балалардың нервтік – психикалық және физикалық дамуын бағалау критерилері.

Семей қ., 2018 ж.

# Жоспар:

I. Кіріспе;

II. Негізгі бөлім:

2.1. Нәрестенің физикалық дамуын бағалау ;

2.2. Нәрестенің нервтік-психикалық дамуын бағалау;

III. Қорытынды;

IV. Пайдаланылған әдебиеттер.

# КІРІСПЕ:

Баланың психикалық дамуы– бұл психикалық қызметтің дамуы(назар аудару, есте сақтауы, сезіну, қабылдау және т.б.) мен кішентай сәбидің жеке тұлғаға айналуы. (өзі мен өзгеге деген көзқарасының қалыптасуы, қызығушылықты тандау, мінездің қалыптасуы мен түзілуі және т.б.)

# Нәрестенің физикалық дамуын бағалау.

- Антропометрияны жүргізініз (салмақ, бой).
- Салмақ және бой құрылым бойынша физикалық дамуын қараныз және бағаланыз.
- Баланың физикалық даму бойынша қорытынды берініз - семіздік, салмақ артық, салмақ аздығы, кішкентай бой.

# Антропометрия жүргізу жиілігі баланың жасына байланысты:

- 1-3 жас: 3 айда 1 рет, наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан айларында.
- 3-7 жас : жылына 2 рет, мамыр, қараша айларында.
- Антропометрияға кемінде 3 көрсеткіш кіреді: бойы, салмағы, кеуде клеткасының айналымы.

Салмағында артық немесе кем болуы + немесе – таңбасымен дәреженің алдына, ал кеуде клеткасынын өлшемінің артық немесе кем болуы дәрежеден соң қойылады.

Классы роста		Размах показателей массы тела (ОГК)					
		$-3\sigma_R$	$-2\sigma_R$	$-1\sigma_R$	Норма	$+1\sigma_R$	$+2\sigma_R$
1	Низкий	<b>IV Степень физического развития</b>					
2	Ниже среднего	-III- степень физиче- ского развития	-II- степень физиче- ского развития	I степень физиче- ского развития	+II+ степень физи- ческого развития	+III+ степень физи- ческого развития	
3	Средний						
4	Выше среднего						
5	Высокий						
Очень высокий		<b>V Степень физического развития</b>					
<b>Градации степеней физического развития</b>							
Хорошее (нормальное), гармоничное физическое развитие [I степень]		Дети 2—3—4—5-го классов роста, с показателями массы тела и окружности грудной клетки в пределах $\pm 1\sigma_R$					
Ухудшенное (или дисгармоничное), пропорциональное (диспропорциональное) физическое развитие [II степень]		Дети 2—3—4—5-го классов роста, с показателями массы тела и окружности грудной клетки, расширенными от границ I степени на $\pm 1\sigma_R$					
Плохое (или резко дисгармоничное), пропорциональное (диспропорциональное) физическое развитие [III степень]		Дети 2—3—4—5-го классов роста, с показателями массы тела и окружности грудной клетки, выходящими за границы II степени физического развития					
Общая задержка (отсталость) в физическом развитии [IV степень]		Дети с низким (1-й класс) и очень низким (ниже 1-го класса) ростом, независимо от показателей массы тела и окружности грудной клетки					
Опережение в физическом развитии [V степень]		Дети в очень высоком (выше 5 класса) ростом, независимо от показателей массы тела и окружности грудной клетки					



Жүйке-психикалық даму динамикасын белгілі уақытта бақылайды яғни ол:

- Бірінші жылда – ай сайын
- Екінші жылында – кварталына бір рет
- Үшінші жылында – жарты жылда бір рет.


Патронаждық мейірбике дені сау баланы әрбір диспансерлік қарау кезінде жүйке-психиканың дамуына бақылау жүргізуді анасынан сұрастыру арқылы және белгілі бір әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырады.

Жасы, Ай	Жүйке- психиканың даму көрсеткіштері	
1	КБ(көріп бағалау әрекеттері)	Қысқа уақытқа көзін жылтырақ заттарға тігеді және оларды қадағалап карайды.
	ЕБ(есту реакциялары)	Қатты дыбыс естігенде шошиды және көзі жыпылықтайды
	Э(эмоция)	Алғашқы жымиюы
	ЖҚ(жалпы қимылдары)	Етбетінен жатып, басын көтеруге тырысады
2	КБ	Көз алдында қозғалған ойыншықтарды қадағалайды
	ЕБ	Құлақ салып тыңдайды
	Эмоция	Үлкен кісінің оған арналған сөзіне белсенді қозғалыспен жауап қайтарады
	ЖҚ	Басын тікесінен 1-2 минутқа жақсы ұстайды



3	КБ	Әртүрлі қалыпта жатып, қозғалмайтын заттарға көзін тігеді
	ЕБ	Дыбысқа айқын құлақ тігеді
	Эмоция	Сөзге жауапты қызу қозғалыспен білдіреді
	ЖҚ	Етбетінен жатып басын жақсы ұстайды, аяғымен тірейді
	ҚҚ(қолдарының қозғалысы)	Кеудесінің үстінде ілулі тұрған ойыншықтарды кездейсоқ ұстайды
	БС(белсенді сөйлеу)	Уілдеп дыбыс шығара бастайды
4	КБ	Анасын таниды
	ЕБ	Дауыс шыққан жаққа басын бұрады
	Эмоция	Дауысын шығарып күледі
	ЖҚ	Шалқасынан жатып, етбетіне аунайды
	ҚҚ	Ілулі тұрған ойыншықтарды қолымен ұстап алады
	БС	Ұзақ уақыт уілдеп дыбыс шығарады

# Развитие движений ребенка на первом году жизни



5	КБ	Туысқандарын бөтен адамдардан айырады
	ЕБ	Оған қарап айтылған сөздің үнін (тон) ажыратады
	ЖҚ	Қолтығының астынан демегенде аяғын тік басып тұра алады. Шалқасынан жатып, етбетіне аунайды
	ҚҚ	Кеудесінің үстіне ұстап тұрған ойыншықты сенімді ұстайды.
	БС	Ұзақ уақыт уілдеп, дыбыс шығаруды жалғастырады
6	ЖҚ	Етбетіне жатып, арқасына аударылады. Еңбектей бастайды
	ҚҚ	Әр түрлі қалыпта жатып ойыншықтарды өзі алады
	БС	Сөздің буындарын айта бастайды «ма», «ба» т.б.
	Д(дағдылар және істей алуы)	Тамақтанғанда қасықтан тамақты ернімен жинап алады

7	ҚҚ	Ойыншықтармен ұзақ уақыт ойнайды
	БС	Сөздің буындарын жиі қайталап , былдырлап, бір нәрселер айта бастайды
	СТ(сөзді түсіну)	«қайда»? деген сұраққа тиісті жерде жатқан затты табады
	Д	Үлкен кісі ұстап тұрған кеседен сұйықтықты өзі ұрттап ішеді
	ЖҚ	Ойыншықтарды бір-біріне соғып ойнайды. ойыншықтарлы бір қолынан екінші қолына ауыстырып ұстайды
8	ҚҚ	Ойыншықтармен ұзақ уақыт ойнайды
	БС	Қатты дауыстап, әртүрлі сөздерді қайталайды
	СТ	Үлкеннің өтінуімен алақанын шапалақтап, қолын бұлғайды «сау бол»
	Д	Нанды өзі ұстап жейді
	ЖҚ	Екі қолынан жетектегенде жүреді

9	ҚҚ	Ойыншықтардың түріне байланысты (домалата алады) заттармен әртүрлі әрекет жасайды
	БС	Өзінің былдырауындағы бар буындарды естігенде еліктейді
	СТ	Өзінің есімін біледі. «қайда?» деген сұраққа көп ойыншықтардың ішінен керекті затты табады және алады
	Д	Кесені қолымен ұстап, өзі ішеді
	ЖҚ	Аласа жерлерге өзі шығып, түсе алады
10	ҚҚ	Қораптарды ашып, жабады. Бір затты екіншісіне салып жинайды
	БС	Үлкен кісілердің айтқан буындарын еліктеп қайталайды
	СТ	Дене бөліктерінің атын біледі. Ересектердің сұрауы бойынша , таныс заттарды алып береді
	Д	Кеседен ішеді
	ЖҚ	Сөздің буындарын жиі қайталап, былдырлап, бір нәрселер айта бастайды

11	ҚҚ	Кубиктарды тұрғыза алады, пирамиданың сақинасын алып, кигізе алады
	БС	Алғаш рет «мама», «мяу», «ав-ав» деген сөздерді айтады
	СТ	Үлкендердің болымсыз өтініштерін орындай алады
	Д	Кеседен ішеді
	ЖҚ	Өзі тіреусіз тұра алады
12		
	БС	8-10 сөз айтады
	СТ	Үлкендердің болымсыз өтініштерін орындай алады. Түсінетін сөздердің қоры көбейеді
	Д	Кесені өзі алып ішеді
	ЖҚ	Өзі жүре алады

1 жас 1 ай	Сөзді түсіну	Түсінетін сөздер қоры көбейе түседі
	БС	Белсенді қозғалыс және қуаныш кезінде былдырлау мен жеке жеңіл сөздер қолданады
	Заттармен ойнауы және әрекеттері	Ойнаған кезде бұрын үйренген іс –әрекеттерін қолдана алатынын көрсетеді(қуыршақтарды тамақтандырады, сақинаны өзекке кигізеді)
	Сезгіштіктің (сенсорлық) дамуы	Заттар көлемінен екі айқындаушы ерекшелікті тұспалдай алады (мысалы бір-бірінен 3 см -дей айырмашылығы бар кубиктерді)
	Қозғалысы	Отырмай ұзақ жүргісі келеді, қалпын өзгертеді, отырады , еңкейеді, бұрылады
	Дағдылар	Өзі қою тамақ ііше алады



1 жас 3-6 ай	Сөзді түсіну	Түсінген сөздің маңызды белгілері бойынша затты тұжырымдайды
	БС	Толық және жеңіл сөздермен заттарды атайды
	Заттармен ойнауы және әрекеттері	Өзі бақылаған жеке дара әрекеттерді ойында кейіптейді
	Сезгіштіктің (сенсорлық) дамуы	Заттарды 3-4 айқындаушы пішіндері бойынша тұспалдай алады(шар, тік бұрыш, кірпіш)
	Қозғалысы	Алдында тұрған кедергіден өте алады
	Дағдылар	Өзі сұйық тамақ іше алады

1 жас 7-9 ай	Сөзді түсіну	Күрделі емес әңгімені суреттегі сюжеттен түсінеді, үлкендердің сұрағына жауап береді
	БС	Ойнау кезінде сөзбен және екі күрделі сөйлеммен өз іс-әрекеттерін түсіндіреді
	Заттармен ойнауы және әрекеттері	Күрделі емес сюжетті құрастыра алады (қақпа, орындық, үй)
	Сезгіштіктің (сенсорлық) дамуы	Заттардың 3-4 айқындаушы формаларын тұспалдай алады (мысалы бір-бірінен 3 см -дей айырмашылығы бар кубиктерді)
	Қозғалысы	Еденнен 15-20 см жоғары тұрған және көлденеңі 15-20см беткейдің үстінен жүре алады
	Дағдылар	Үлкендердің аздаған көмегімен шешіне алады

1 жас 10ай- 2жас	Сөзді түсіну	Баланың бұрынғы өмірінде болған уақиғалары туралы әңгімені көрсетпей-ақ түсінеді
	БС	Үлкендермен сөйлескенде екі күрделі сөйлемді, жұрнақ және жалғауларды қолданып сөйлейді
	Заттармен ойнауы және әрекеттері	Өзі бақылаған жеке дара әрекеттерді ойында кейіптейді
	Сезгіштіктің (сенсорлық) дамуы	Заттарды 3-4 айқындаушы түсті тандап алады.
	Қозғалысы	Алдында тұрған кедергіден аяғын кезекқойып аттап өтеді
	Дағдылар	Біртіндеп киімдерді киеді

2 жас 6 ай	БС: грамматика	3 және оданда көп сөйлем айтады
	Сұрақтар	«қайда?», «қай жақта?» деген сұрақтар қояды
	Сезгіштіктің дамуы мен түсті қабылдау	Үлгі бойынша әр түрлі заттарды 4 негізгі түстер бойынша таңдай алады
	Сюжетті ойын	Бала ойыны сюжеттік сипатқа ие, іс-әрекеттері жүйелі және байланысты болады
	Киіну дағдылары	Толық киінеді, бірақ әлі бауын байлай алмайды, түймесін сала алмайды
	Қозғалыс	Еденнен 20-28 см жоғары көлденең қойылған таяқтан немесе жіптен аттап өте алады

3 жас	БС: грамматика	Қосалқы сөйлем қолдана бастайды
	Сұрақтар	«қашаннан?», «неге?» деген сұрақтар туындайды
	Сезгіштіктің дамуы мен түсті қабылдау	4 негізгі түсті айтады
	Сюжетті ойын	Рөлдік ойындарды ойнай бастайды
	Киіну дағдылары	Өзі киінеді, түймесін түймелейді.
	Қозғалыс	Еденнен 30-36 см жоғары көлденең қойылған таяқтан немесе жіптен аттап өте алады



Баланың нервтік-психикалық дамуын бағалау кезінде балаларды 4 топқа бөліп қарастырамыз:

**1 топ:** 1. дамуы жеделдеген балалар а) 1.

эпикриздік мерзімге дамуы жеделдеген

Б) 2. эпикриздік мерзімге дамуы

жеделдеген

2. 2 эпикриздік мезгілден және одан көп - жоғары гармониялық дамуы

3. Қалыпты дамыған балалар



● **2 топ.** 1 эпикриздік мезгілге қалыс болса. Оның 3 дәрежесі бар:

I дәрежесі – 1-2 көрсеткішке қалап тұрса

II дәрежесі – 3-4 көрсеткішке қалап тұрса

III дәрежесі – 5 көрсеткішке және одан көп қалап тұрса.

2. Типті емес үйлесімсіз дамуы (көрсеткіштердің бір бөлігі жеделдеген, басқа бөлігі 1 эпикриздік мерзімге кешеуілдеген.)

- **3 топ.** 1. Дамуы 2 эпикриздік мерзімге тежелген балалар:
- I дәреже-2-3 көрсеткіш бойынша;
- II дәреже- 3-4 көрсеткіш бойынша;
- III дәреже- 5-7 көрсеткіш бойынша;
- 2. Типті емес төменгі үйлесіммен дамуы (көрсеткіштердің бір бөлігі 1 эпикриздік мерзімге кешеуілдеген, басқа бөлігі 2 эпикриздік мерзімге кешеуілдеген)

- 4 топ.1. 3 эпикриздік мезгілге қалыс болса:
- I дәреже-2-3 көрсеткіш бойынша;
- II дәреже- 3-4 көрсеткіш бойынша;
- III дәреже- 5-7 көрсеткіш бойынша;
- 2. Типті емес төменгі үйлесіммен дамуы  
(көрсеткіштердің бір бөлігі 2эпикриздік мерзімге кешеуілдеген, басқа бөлігі 3 эпикриздік мерзімге кешеуілдеген)



Назарларыңызға рахмет

